



«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:

«Айша» бөбекжайы менгерушісі:

Хайруллина С.А.

Тақырыбы: «Мен әдепті баламын»



«Еркемай» ортаңғы топ тәрбиешісі:

Айтқалиева Т.А

2023жыл

Максаты: Балаларға "сәлеметсіз бе", "рахмет", "кешіріңіз", "болады" деген әдепті сөздерді үйрету. Үлкенге сәлем беруге, ойыншықпен бөлісуге, тазалық сақтауға тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Қоян мен Аю қуыршағы, әдепті сөздер жазылған күнше суреттер, таза қолға арналған стикер "Жарайсың".

"Әдептілік еліне саяхат"

Тәрбиеші:

Балалар, бүгін біз сиқырлы Әдептілік еліне барамыз.

Әдепті балалар қалай болады екен?

Әдепті бала - сәлемдеседі, рахмет дейді, ұрыспайды.

Біз солай боламыз ба?

Балалар: Иә!

"Сәлемдесу ережесі" Көрініс

Тәрбиеші 2 қуыршақты көрсетеді.

Қоян: Сәлем, Аю!

Аю: ... үнсіз кетеді.

Тәрбиеші: Балалар, Аю дұрыс істеді ме?

Балалар: Жоқ!

Тәрбиеші: Қане, Аюға үйретейік.

Барлығы: Аю, сәлеметсіз бе деп айт!

Аю: Сәлеметсіз бе, Қоян!

Қоян: Сәлем!

Түйін: Үлкенге де, кішіге де бірінші сәлем береміз.

3. "Сиқырлы сөздер" Ойыны

Тәрбиеші: Бір қораптан сөздер шығарамын.

Бұл сөз не? "Рахмет"! Анаң тамақ берсе не дейміз?

Балалар: Рахмет!

Тәрбиеші: Ойыншықты сындырып алсаң не дейміз?

Балалар: Кешіріңіз!

Тәрбиеші: Досыңнан қарындаш сұрасаң не дейміз?

Балалар: Болады? Жоқ. "Берші, өтінемін" дейміз.

Әр дұрыс жауапқа күнше стикер жапсырады.

4. Өлең: "Мен әдепті баламын"

Қимылмен айтамыз

Мен әдепті баламын,

Сәлем беріп күлемін.

"Рахмет" деп, "Кешіріңіз",

Үнемі айта беремін.

Қимыл: "сәлем" - қол бұлғау, "рахмет" - иілу, "кешіріңіз" - құлақты ұстау.

5. Сергіту сәті: "Таза қолдар"

Тәрбиеші: Әдепті баланың қолы таза болады.

Қане бәріміз қолымызды жуайық деп көрсетейік.

Сап-сап, сап-сап, сабындаймыз,

Таза болды қолдарымыз!

Балалар қол жуу қимылын жасайды. Таза қолға "Жарайсың" стикері.

6. "Бөлісейік"

Тәрбиеші: Мынау 1 алма, бірақ бала 2. Не істейміз?

Балалар: Бөлісеміз!

Тәрбиеші: Дұрыс. Әдепті бала ойыншығын, тамағын досымен бөліседі.

Қорытынды. "Әдепті бала медалі"

Тәрбиеші:

Бүгін біз не үйрендік?

Дұрыс, "Сәлеметсіз бе, Рахмет, Кешіріңіз" сөздерін.

Енді сендердің барлығың әдепті баласындар!

Барлық балаға қағаз медаль "Мен әдепті баламын" тағылады.

Тәрбиеші: Үйге барып анаңа "Сәлеметсіз бе, анашым! Рахмет!" деп айтындар.

Ата-анаға кеңес паракшасы:

1. Үлгі болындар: Бала алдымен сізден көреді. "Рахмет, кешіріңіз" деп жиі айтыңыз.
2. Мақтаңыз: "Сен бүгін әдепті бала болдың" деп күн сайын 1 рет мақтаңыз.
3. Талап етпеңіз: "Сәлем бер!" деп айқайламай, өзіңіз бірінші сәлем беріңіз.

Анықтама

Өткен күні: 13.10.2023 жыл.

Тобы: «Еркемай» ортаңғы тобы

Мақсаты: Баланың бойында адамгершілік қарым-қатынас жасай білу дағдыларын қалыптастыру. Әдептілікті дәріптеу.

Балаларға "сәлеметсіз бе", "рахмет", "кешіріңіз", "болады" деген әдепті сөздерді үйрету. Үлкенге сәлем беруге, ойыншықпен бөлісуге, тазалық сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қоян мен Аю құыршағы, әдепті сөздер жазылған күнде суреттер, таза қолға арналған стикер "Жарайсың!", "Әдептілік еліне саяхат".

Сабақ барысы қысқаша:

1. "Әдептілік еліне саяхат" - Тәрбиеші: "Біз бүгін әдептілік еліне барамыз. Әдепті баладай болайық".

Балалар: "Иә!"

2. "Сәлемдесу ережесі" Көрініс - Қоян: "Сәлем, Аю!" Аю: "Үйге кетті".

Тәрбиеші: "Балалар, Аю дұрыс істеді ме? Жоқ. Қане, Аюға үйретейік. Аю: Сәлеметсіз бе де!"

3. "Сықырлы сөздер" Ойыны - "Рахмет!" Адам тамақ берсе не дейміз? "Кешіріңіз!" Ойыншықты сұрасақ не дейміз? "Болады!" Досыңнан қарсылық сұрасақ не дейміз?

4. "Мен әдепті баламын" Әні - "Мен әдепті баламын, Сәлем беріп күлемін, "Рахмет" деп, "Кешіріңіз", Үнемі айта беремін". Қимыл: "сәлем" - қол бұлғау, "рахмет" - иілу, "кешіріңіз" - құлақты ұстау.

5. Сергіту сәті: "Таза қолдар" - "Сап-сап, сап-сап, сабындаймыз, Таза болып шығамыз!" Балалар қол жуу қимылын жасады. "Таза қолға "Жарайсың" стикері.

6. "Бөлісейік" - Мамада 1 алма, бірақ бала 2. Не істейміз? "Бөлісеміз!" Әдепті бала ойыншығын, тамағын досымен бөліседі.

Қорытынды. "Әдепті бала медалін" - Тәрбиеші: "Бүгін біз не үйрендік? Дұрыс, "Сәлеметсіз бе, Рахмет, Кешіріңіз" сөздерін.

Нәтижесі: Балалар әдепті сөздерді үйренді. Үлкенге сәлем беру, ойыншықпен бөлісу, тазалық сақтау ережелерін меңгерді. "Мен әдепті баламын" деген ұран қалыптасты. Ата-анаға үйге барып "Сәлеметсіз бе, Рахмет!" деп айту тапсырылды. Сабақ мақсатына толық жетті.

Қатысушылар саны: 21

Қатысқан тәрбиешілер саны: 2